Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне
ішкі талдау жүргізу бойынша
әдістемелік ұсынымдарға
4-қосымша

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындылары бойынша айқындалған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдар тізбесі**

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау объектісінің атауы:
Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының "Жансая" облыстық балалар оңалту орталығы" ШЖҚ МКК

| № р/с | Сыбайлас жемқорлық тәуекеліне шалдыққан лауазым | Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері бар лауазымдық өкілеттіктер | Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері |
|---|---|---|---|
| 1 | Басшы | 1. Әкімшілік және тәртіптік жазаларды орындау жөнінде шаралар қабылдау;<br>2. Коммуналдық мүлікке басшылық ету, пайдалану жөнінде шешімдер қабылдау;<br>3. Бос жұмыс орындарына жұмысқа қабылдау рәсімдерін ұйымдастыру;<br>4. Ерекше еңбек жағдайларын жасау, қызмет бабында жоғарылату. | 1. Жазаларды орындау бойынша шара көрмеу, тиісті шара қолданбау мүмкіндігі, әрекетсіздік таныту.<br>2. Өзге тұлғаларға сеніп тапсырылған мүлікке құқықтарды қуйтырқы әрекет жасап, заңсыз беру мүмкідігі.<br>3. Жұмысқа қабылдау барысында жеке шешім қабылдау немесе тұрақты комиссияның шешіміне ықпал ету мүмкіндігі.<br>4. «Ыңғайлы» жағдайлар туғызу, ерекше ілтипат таныту, негізсіз марапаттау, тәртіптік жазаларды негізсіз қолдану мүмкіндігі. |
| 2 | Басшы орынбасары | Емдеу-оңалту процесіне талдау жүргізу, тиісті шешім қабылдау үшін басшыға ұсыныс жасау. | - Қызметкерлерге қысым көрсету, арандату мүмкіндігі;<br>- Жекелеген қызметкерлерге туыстық, достық қарым-қатынас белгілері бойынша мансаптық өсу |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | мүмкіндігін жасау. |
| 3 | Кадр бөлімінің меңгерушісі | Қызметкерлерге мемлекеттік және ведомстволық наградалар мен алғыс хаттармен марапаттау құжаттарын әзірлеу. | Негізсіз марапаттауға ұсыну мүмкіндігі. |
| 4 | Бас бухгалтер | Есепке алу және тиісті шешім қабылдауға әсер ететін есептілік қалыптастыру. (Қаржы, мүлікті есепке алу, түгендеу және т.б. бақылау және қадағалау: тексеру шешіміне әсер ететін есеп беру, басқалары.) | - Бұрмаланған қаржылық есептілікті жасау және бухгалтерлік есепте көрсетілуге міндетті деректерді жасыру мүмкіндігі;<br>- Қолданыстағы заңнамаға қайшы келетін қаржылық операцияларды жүргізу мүмкіндігі. |
| 5 | МСА Бухгалтері | Мемлекеттік сатып алу процестерін жүргізу. Тауарлар, жұмыс, қызметтерге нарықтың конъюнктурасына сәйкес мемлекетпен бекітілген бағалық саясатын қолданыстағы заңдарға сәйкес жүргізу. | - Мемлекеттік сатып алу процестерін жүргізу барысында, негізсіз түрде тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден сатып алу.<br>- Мемлекеттік сатып алуды жоспарлау барысында медианды бағаны ескермей, бағаны жоғары қою мүмкіндігі. |
| 6 | Қойма меңгерушісі | Мекемеге келіп түскен мүлік (тауарларды) тіркеу. Мүліктердің есебін жүргізу. | - Мүлікті тіркеу есебіне уақтылы қоймау мүмкіндігі;<br>- Материалдық құралдарды, негізгі қорларды қасақана мерзімінен бұрын есептен шығару мүмкіндігі;<br>- Мүліктердің сақталуына қасақана бақылау жасамау мүмкіндігі. |

Жұмыс тобының мүшесі Қ.Уытов